



УНИВЕРСИТЕТІ

«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІ

TURAN-EDU.KZ

ДӘРІСТІҢ ТАҚЫРЫБЫ:

Қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік қағидасы. Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру қағидасы.

■ Қайтадан соттауға және қылмыстық қудалауға жол бермеушілік қағидаты (ҚР ҚПК 20 б.) – егер тұлғаға қатысты нақты іс бойынша заңды күшіне енген соттың үкімі (айыптайтын немесе ақтайтын) болса, онда бұл тұлға осы әрекет үшін қайтадан сотталуы мүмкін емес дегенді білдіреді.

- **Бұл қағидаттың негізі ретінде ҚРК 77 б. 3 т. 2) тармақшасындағы ешкім бір құқық бұзушылық үшін қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартылуы мүмкін емес екендігі туралы ереже белгіленген.**

**ҚАЙТАДАН СОТТАУҒА ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚУДАЛАУҒА ЖОЛ БЕРМЕУШІЛІК ҚАҒИДАТЫН САҚТАУ
КЕПІЛДІКТЕРІ:**

- 1) іс бойынша іс жүргізуді
болғызбайтын мән-жайларды
қарастыру;**
- 2) қылмыстық қудалауды жүзеге
асыруға мүмкіндік бермейтін мән-
жайларды қарастыру;**

**ҚАЙТАДАН СОТТАУҒА ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚУДАЛАУҒА ЖОЛ БЕРМЕУШІЛІК ҚАҒИДАТЫН САҚТАУ
КЕПІЛДІКТЕРІ:**

- **3) ҚР ҚПК көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтатуға қатысты прокурордың міндеті;**
- **4) ҚР ҚПК 35 және 36 б.б. көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтатуға қатысты судьяның міндеті.**

СОТ ТӨРЕЛІГІН ЗАҢ МЕН СОТ АЛДЫНДАҒЫ ТЕҢДІК БАСТАУЛАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАҒИДАТЫ


Сот төрелігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларында жүзеге асыру қағидаты (ҚР ҚПК 21 б.) – тұлғаларға бірдей құқықтарды беру, бірдей міндеттерді жүктеу және жауапкершілікті бірдей арту арқылы барлық тұлғаларға қатысты заң нормаларын бірдей қолдануды, сондай-ақ сот алдына келетін барлық тұлғаларға өз мүдделерін қорғау үшін бірдей мәртебеде, процестік құқықтармен міндеттерді теңдей ұсынуды білдіреді. Сот ісін жүргізу тәртібі іске қатысуға нақты кім тартылғанына қарамастан өзгеріссіз

**СОТ ТӨРЕЛІГІН ЗАҢ МЕН СОТ АЛДЫНДАҒЫ ТЕҢДІК
БАСТАУЛАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАҒИДАТЫН САҚТАУДЫҢ
КЕПІЛДІКТЕРІ:**

- **I) шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға жол бермеу;**

**СОТ ТӨРЕЛІГІН ЗАҢ МЕН СОТ АЛДЫНДАҒЫ ТЕҢДІК
БАСТАУЛАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАҒИДАТЫН САҚТАУДЫҢ
КЕПІЛДІКТЕРІ:**

- **2) артықшылықтарға немесе қылмыстық қудалаудан иммунитетке ие тұлғаларға қатысты іс бойынша іс жүргізудің ерекше тәртібінің заң жүзінде қарастырылуы.**



Осы қағидаттың негізі ретінде ҚРК 14-бабындағы түрлі жағдаяттар бойынша кез келген кемсітуге жол берілмейтіндігі туралы ереже қабылданған.

Кемсіту лексикалық тұрғыда «бөліп жаруды» білдіреді және термин ретінде лат. *discrimination* сөзінен шығып, «бөліп жару» немесе «ажырату» деген мағынаны береді.